Аннотация. Наблюдается устойчивая тенденция роста производства и потребления функциональных пищевых продуктов. В частности, определение функциональной роли дополнительных ингредиентов при разработке комбинированных молочных продуктов является актуальным вопросом. Основная цель использования наполнителей – обогащение состава молочных продуктов витаминами, микроэлементами, пищевыми волокнами, органическими кислотами, полиненасыщенными жирными кислотами, и другими биологически активными соединениями. В связи с этим комбинирование молочного сырья с растительными добавками рассматривается как перспективное направление в создании новых высококачественных пищевых продуктов. В данной статье рассматривается актуальность создания функциональных продуктов питания с использованием натуральных растительных ингредиентов. Целью исследования было изучение органолептического и физико-химические показателей образцов йогурта с пюре манго и ананаса. Экспериментальные исследования проводились в сравнении с образцом йогурта без добавок (контроль). Результаты показали положительное влияние добавления фруктовых пюре на качество продукта. Йогурт с манго получил наивысшую органолептическую оценку (4,8 балла); образец с ананасом также получил высокую оценку (4,6 балла). Биохимический анализ выявил незначительное снижение содержания белка и жира в опытных образцах, и значительное увеличение содержания углеводов и пищевых волокон. В частности, за счет фруктовых пюре массовая доля витамина С увеличилась в 2,5 раза в образце с манго и в 3,2 раза в образце с ананасом. Анализ минерального состава выявил увеличение массовой доли калия и магния в опытных образцах, при этом массовая доля натрия снизилась. На основании проведенных исследований установлено, что введение тропических фруктов (манго, ананас) в состав кисломолочных продуктов повышает пищевую и биологическую ценность продукта, а также улучшает его функциональные свойства. Данный подход позволяет расширить ассортимент инновационных продуктов питания, направленных на формирование культуры здорового питания.

Ключевые слова: комбинированные молочные продукты, растительный ингредиент, йогурт, тропические фрукты, манго, ананас

Кіріспе. Қазіргі экологиялық ахуалдың күрделенуіне байланысты халықтың табиғи және экологиялық таза өнімдерге деген сұранысы тұрақты түрде артып отыр, бұл өз кезегінде өндірушілерді аталған өнім түрлерінің өндіріс көлемін ұлғайтуға бағытталған шараларды қабылдауға ынталандыруда. Сүт және өсімдік тектес шикізаттардың технологиялық және функционалдық үйлесімділігі қазіргі заманғы тұтынушылардың денсаулыққа пайдалы, экологиялық таза және тағамдық құндылығы жоғары өнімдерге деген сұранысын қанағаттандыруға

бағытталған инновациялық тағам өнімдерін әзірлеуде кең мүмкіндіктер ұсынады (Zakharova, 2014; Дерканосова және т.б. 2021; Kottunnage, 2025; Sukhikh et al., 2017; Munteanu-Ichim et al., 2024).

Сүт өнімдері жоғары биологиялық құндылыққа ие ақуыздардың, кальцийдің және дәрумендердің маңызды көзі ретінде кеңінен танылады (Górska-Warsewicz et al., 2019; de la Fuente et al., 2015). Ал өсімдік тектес компоненттер тағамдық талшықтарға, антиоксиданттарға, дәрумендерге және фитохимиялық қосылыстарға бай болуымен ерекшеленеді (Timm et al., 2023; Sarker et al., 2018). Бұл компоненттердің синергиясы өнімдерді маңызды қоректік заттармен байытып қана қоймай, оларға пробиотикалық, пребиотикалық немесе иммуномодуляциялық сияқты жаңа функционалды қасиеттерді беруге мүмкіндік береді. Мұндай бағыттағы зерттеулер мен әзірлемелер өсімдік негізіндегі тамақтану үлгілерінің танымалдылығының артуы және салауатты өмір салтын ұстануға деген әлеуметтік сұраныс аясында айрықша өзектілікке ие болуда (Sujith et al., 2023).

Заманауи нарықта қосымша шикізаты бар ашытылған сүт өнімдерінің ассортименті өте кең және тұтынушылардың талғамы мен қалауын қанағаттандыра алатын толтырғыштардың әртүрлі түрлерімен сипатталады. Дәстүрлі тағамдық өнімнің құрамына табиғи өсімдік қоспаларын енгізу өнімнің тағамдық және биологиялық құндылығын арттырып қана қоймай, функционалды тағам өнімдерінің ассортиментін кеңейтуге де мүмкіндік береді (Байхожаева және т.б., 2016; Удербай және т.б., 2024; Nadirova et al., 2022).

Қоршаған ортаның қолайсыз факторлары, экологиялық тұрғыдан жағымсыз аймақтарда өмір сүру, антибиотиктерді ұзақ мерзімді немесе бақылаусыз қолдану, дұрыс тамақтанбау және созылмалы күйзеліс жағдайлары ішек микрофлорасының тепе-теңдігін бұзып, дисбактериоздың дамуына әкелуі мүмкін. Ішек микробиоценозының бұзылуын қалпына келтіруде пробиотиктер, сондай-ақ олардың негізінде дайындалған ашытылған сүт өнімдері маңызды функционалды компонент ретінде қарастырылады (Санькова және т.б., 2022).

Жеміс йогурттары сүт өнімдері арасында жоғары танымалдылыққа ие, өйткені олар дәмділік пен салауатты тамақтанумен байланысты төмен калориялы өнімдер санатына жатады (Kamber et al., 2019). Қазіргі таңда тропикалық жемістер қосылған йогурттар кең сұранысқа ие. Йогурт рецептураларында тропикалық жемістерді қолдану олардың дәрумендік және минералдық құрамын айтарлықтай жақсартуға және тағамдық талшықтармен байытуға мүмкіндік береді, бұл оларды тиімді пребиотикке айналдырады. Дегенмен, тропикалық жемістерді қосу арқылы йогурт өндіру олардың салыстырмалы түрде қысқа сақтау мерзімімен және қолжетімділігімен шектеледі.

Манго (*Mangifera indica L.*) – *Sapindales* тұқымдасының *Anacardiaceae* тұқымдасына жататын және әлемнің көптеген жерлерінде, әсіресе тропикалық елдерде өсірілетін жеміс. Манго жемістері микроэлементтер, дәрумендер және басқа фитохимиялық заттардың маңызды көзі. Сонымен қатар, манго жемістері адамның қалыпты өсуі, дамуы және денсаулығы үшін өмірлік маңызы бар энергияның, тағамдық талшықтардың, көмірсулардың, ақуыздардың, майлардың

және фенолдық қосылыстардың (фенолдар, полифенолдар, пигменттер және ұшқыш компоненттер) көзі болып табылады (Jahurul et al., 2015).

Ананас (*Ananas comosus* L. Merr.) – бромелиадалар тұқымдасына жататын тропикалық жеміс, сабағы қысқа және жіңішке, қатты жапырақтары орташа және ірі жемістерге дейін өседі. Бұл әлемде банан мен мангодан кейінгі үшінші маңызды тропикалық жеміс (Hikal et al., 2021; Pereira et al., 2021; Huang et al., 2021). Ананас қоректік заттар мен минералдарға, дәрумендер мен тағамдық талшықтарға бай, антиоксиданттық белсенділікке ие (Huang et al., 2021). Сонымен қатар, ананастың құрамында сабақтар мен жемістерден алынған бромелайн бар (Yeoh et al., 2021).

Ұсынылып отырған зерттеу сүт және өсімдік тектес шикізаттарды синергетикалық негізде пайдалану арқылы функционалдық тағам өнімдерін әзірлеудің жаңа тәсілдерін ұсынады. Бұл өз кезегінде нарықтағы қоректік және денсаулыққа пайдалы өнімдер ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік беріп, инновациялық тағам технологияларын дамытудың маңызды бағыты болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты тропикалық жемістермен толықтырылған йогурттардың органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерін зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Йогурт дайындаудың негізгі шикізаты сиыр сүті, тропикалық жеміс езбелері – манго мен ананас және классикалық йогурт алуға арналған «Vivo» (Украина) компаниясында алынған ұйытқы болды. Тәжірибелік үлгілерді ашыту термостатта 40 ± 2 °C температурада 80 ± 2 °T қышқылдық деңгейіне жеткенше жүргізілді. Алынған йогурт үлгілерінің ұқсас өнімдерден айырмашылығы, олар тек табиғи ингредиенттерді қамтиды.

Эксперименттік зерттеулер жүргізу үшін йогурттың 3 үлгісі дайындалды:

- бақылау үлгісі – қоспасыз йогурт;
- №1 тәжірибелік үлгі – 10% манго езбесі қосылған йогурт;
- №2 тәжірибелік үлгі – 10% ананас езбесі қосылған йогурт.

Дайын йогурт үлгілерінің органолептикалық көрсеткіштері (сыртқы түрі, түсі, консистенциясы, иісі мен дәмі) МЕМСТ 31981–2013 «Йогурттар. Жалпы техникалық шарттар» талаптарына сәйкес бағаланды.

Йогурттардағы ақуыздың массалық үлесі Кьельдал әдісімен, МЕМСТ 34454–2018 «Азық-түлік өнімдері. Ақуыздың массалық үлесін Кьельдал әдісімен анықтау» стандартына сәйкес анықталды.

Йогурттағы майдың массалық үлесі МЕМСТ 5867–90 «Сүт және сүт өнімдері. Майды анықтау әдістері» бойынша анықталды. Бұл әдіс концентрлі күкірт қышқылы мен изоамил спиртінің әсерінен майды сүтқышқылды өнімдерден бөліп, центрифугалау және градуирленген бөлікте жиналған май көлемін өлшеу арқылы жүзеге асырылады.

Көмірсудың массалық үлесі йодометриялық титриметриялық әдіс арқылы анықталды.

Тағамдық талшық мөлшері МЕМСТ 34844–2022 стандартына сәйкес ферменттік-гравиметриялық әдіспен анықталды.

Йогурт үлгілеріндегі С дәруменінің (аскорбин қышқылы) массалық үлесі титриметриялық әдіспен (йодометриялық әдіс) анықталды. Бұл әдіс йодтың аскорбин қышқылымен әрекеттесіп тотығуына негізделген. Титрлеуге жұмсалған йод көлемі арқылы С дәруменінің концентрациясы есептеледі.

Йогурттағы кальций, калий, натрий, магний және фосфор элементтерінің массалық үлесі атомды-адсорбциялық спектрометрия әдісі арқылы анықталды.

Зерттеу жұмыстары Алматы технологиялық университетінің «Тағамдық биотехнология» кафедрасы және «Тамақ қауіпсіздігі» ғылыми-зерттеу институтының зертханаларында жүргізілді. Тәжірибелік зерттеулер әрбір жағдайда 3–5 рет қайталанып, алынған нәтижелердің орташа арифметикалық мәндері есептелді.

Зерттеу нәтижелері және оны талқылау.


Алынған деректер жеміс-жидекпен байытылған йогурттардың, әсіресе манго езбесі қосылған йогуртты бақылау үлгісімен салыстырғанда барлық органолептикалық көрсеткіштер бойынша айтарлықтай жоғары балл алғанын көрсетті. Манго езбесі қосылған йогурт үлгісі ең жоғары жалпы сенсорлық баллды (4,8 балл) алды, бұл оның жоғары сенсорлық тартымдылығы мен дәмі, иісі, түсі және консистенциясы бойынша сапасын көрсетеді. Ананас езбесі қосылған йогуртта өте жақсы нәтиже көрсетті (жалпы ұпай 4,6 балл), сапасы жағынан бақылау үлгісінен айтарлықтай асып түсті. Ең төменгі баллды (4,2) қоспасыз қоспасыз бақылау үлгісі көрсетті, бұл оның сенсорлық қасиеттері бойынша жеміс езбелері қосқан тәжірибелік үлгілерден төмендігін көрсетті. Бұл талдау жемістердің, атап айтқанда манго мен ананастың езбелерінің қосылуы йогурттардың тұтынушылық қасиеттерін, оның ішінде дәмі, иісі, түсі және консистенциясы сияқты органолептикалық көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартатынын дәлелдейді.

Йогурт құрамында жеміс толтырғыштарын қолдану оның органолептикалық көрсеткіштерін жақсартуға және өнімнің тұтынушылық тартымдылығын арттыруға көмектеседі. Зерттелетін өнімдердің органолептикалық қасиеттеріне жеміс езбесін қосу айтарлықтай оң әсер ететіні анықталды. Жеміс компоненттерінің 10% дейін сандық дозалары өнімдердің дәмі мен түсіне оң әсер етеді. Дегенмен, рецептке жеміс компоненттерін 15% немесе одан да көп мөлшерде енгізу жеміс қоспасының дәмінің басым болуына байланысты йогурт дәмін өзгертеді, бұл ананас езбесін пайдалану кезінде әсіресе айқын көрінеді.

Ашытылған сүт өнімдері адам ағзасы үшін құнды болып табылатын ақуыздар, майлар, көмірсулар, дәрумендер және минералды заттар (кальций, фосфор, калий, магний және т.б.) сияқты маңызды қоректік заттардың бай жиынтығына ие. Бұл өнімдер сүттің ашыту процесі нәтижесінде пайда болатын метаболиттер мен биологиялық белсенді қосылыстардың арқасында жоғары сіңімділікке және пробиотикалық қасиеттерге ие болады. Алайда олардың нақты биохимиялық құрамы өнімнің түріне (айран, йогурт, сүзбе және т.б.), қолданылатын ашытқы дақылдарының құрамына, шикізат сапасына, сондай-ақ өндірістік технология мен сақтау жағдайларына байланысты айтарлықтай өзгеріп отырады. Сондықтан

эртүрлі ашытылған сүт өнімдерінің тағамдық және функционалдық құндылығын бағалауда осы факторларды ескеру маңызды.

Зерттеу жұмысының барысында йогурт үлгілерінің биохимиялық құрамына талдаулар жүргізілді, нәтижесі төмендегі 1-суретте келтірілген.




Сурет 1. Йогурт үлгілерінің биохимиялық құрамы, г/100г

Зерттеу нәтижелері тәжірибелік үлгілерде ақуыздың массалық үлесінің шамамен 6%-ға төмендегенін көрсетті, бұл енгізілген компоненттердегі ақуыздың массалық үлесінің төмен болуымен байланысты. Майдың массалық үлесі 3–4%-ға азайғанымен, бұл өзгерістер өнімнің жалпы тағамдық құндылығына елеулі әсер етпейді. Есесіне көмірсулардың массалық үлесі шамамен 35–40%-ға артқан, бұл тағамның энергетикалық және дәмдік қасиеттерін жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, тәжірибелік үлгілерде тағамдық талшықтар пайда болып, өнімнің функционалдық қасиеттерін арттырды. Бұл өзгерістер тұтынушы денсаулығына оң әсер ете алатын өнімдер жасауға мүмкіндік береді.

Аскорбин қышқылы (С дәрумені) – суда еритін, биологиялық белсенді органикалық қосылыс. Ол адам ағзасында синтезделмейді, сондықтан тек тағам арқылы қабылданады. С дәрумені көптеген физиологиялық және биохимиялық процестерге қатысады және адам денсаулығы үшін маңызды микронутриент болып саналады.


Зерттеу барысында йогурт үлгілеріндегі С дәруменінің массалық үлесін анықтау мақсатында талдау жүргізілді, нәтижесі 2-суретте келтірілген.



Сурет 2. Йогурт үлгілеріндегі С дәруменінің массалық үлесі, мг/100г

2-суреттегі зерттеу нәтижелері бақылау үлгісіндегі (қоспасыз йогурт) С дәруменінің массалық үлесі 0,69 мг/100 г құрады, бұл сүт өнімдеріне тән. №1 тәжірибелік үлгіде (манго езбесі қосылған) бұл көрсеткіш 1,72 мг/100 г болса, №2 үлгіде (ананас езбесі қосылған) 2,23 мг/100 г дейін артты. Бұл өсім жеміс езбелерінің құрамындағы табиғи аскорбин қышқылының болуымен түсіндіріледі. Манго мен ананас – С дәруменіне бай жемістер, сондықтан олардың 10% мөлшерде қосылуы өнімнің дәрумендік құндылығын елеулі арттырған. Осылайша, жеміс қоспаларын енгізу йогурттағы С дәрумені деңгейін табиғи жолмен жоғарылатудың тиімді тәсілі болып табылады.

Қазіргі таңда салауатты тамақтану талаптарына сай тағам өнімдерін әзірлеу тамақ индустриясының басым бағыттарының бірі болып табылады. Табиғи йогурт – жоғары тағамдық және биологиялық құндылыққа ие өнім ретінде кеңінен танымал. Оған құрамында биологиялық белсенді заттары бар табиғи жеміс қоспаларын қосу арқылы өнімнің қоректік қасиеттерін одан әрі арттыруға мүмкіндік бар. Бұл зерттеуде табиғи йогуртқа 10% мөлшерінде манго және ананас езбесін қосу арқылы алынған үлгілердің минералдық құрамы зерттелді. Алынған нәтижелер қоспасыз (бақылау) үлгімен салыстыра отырып талданды (3-сурет).



Сурет 3. Йогурт үлгілеріндегі минералды заттардың массалық үлесі, мг/100г

Зерттеу нәтижелері табиғи жеміс езбелерін йогуртқа қосу оның минералдық құрамына белгілі бір дәрежеде әсер ететінін көрсетті. Атап айтқанда, кальцийдің массалық үлесі манго езбесі қосылған үлгіде 1,2 мг-ға, ананас езбесінде 0,4 мг-ға артқаны байқалды. Бұл өзгерістер шамалы және жемістердің кальцийге бай болмауымен байланысты. Сондықтан йогурттың негізгі кальций көзі – сүттің өзі. Калийдің массалық үлесі манго езбесі қосылған үлгіде 13,0 мг-ға, ал ананас қосылған үлгіде 5,1 мг-ға жоғарылаған. Бұл нәтиже манго мен ананастың калийге бай табиғи шикізаттар екенін дәлелдейді. Калий ағзадағы су-тұз теңгерімін сақтау, жүрек ырғағын реттеу және бұлшықет жүйесінің қызметін қолдау сияқты маңызды физиологиялық функциялармен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, бұл оң өзгеріс өнімнің функционалдық құндылығын арттырады. Натрийдің массалық үлесінің мөлшерінің төмендеуі өнімнің диеталық сипаттамасын жақсартады, әсіресе артериялық қысымы жоғары адамдар үшін пайдалы. Магнийдің массалық үлесі манго езбесі қосылған үлгіде 1,4 мг-ға, ананаста 0,7 мг-ға артты. Магний жүйке жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі мен бұлшықет тонусының сақталуы үшін маңызды минерал болып табылады. Фосфордың массалық үлесі айтарлықтай өзгермегенімен, ананас қосылған үлгіде 0,9 мг-ға, манго қосылған үлгіде 0,1 мг-ға жоғарылаған. Бұл элемент сүйек тінінің беріктігі мен энергия алмасу процестеріне оң әсер етеді.

Жалпы алғанда, йогуртқа табиғи жеміс езбелерін қосу өнімнің құрамындағы бірқатар маңызды макро- және микроэлементтердің массалық үлесінің жоғарылатқанын көрсетті. Бұл өзгерістер өнімнің функционалдық қасиеттерін жақсартуға мүмкіндік береді және оны салауатты тамақтану талаптарына сәйкес келетін тағам ретінде ұсынуға негіз болады.

Қорытынды.

Зерттеу нәтижелері йогуртқа 10% манго және ананас езбесін қосу өнімнің тағамдық, дәрумендік, минералдық және органолептикалық қасиеттерін жақсартатынын көрсетті. Тәжірибелік үлгілерде көмірсулар мен тағамдық талшықтардың артуы, сондай-ақ С дәруменінің деңгейінің елеулі өсуі өнімнің биологиялық құндылығын арттырғанын дәлелдеді. Сонымен қатар, йогурт құрамындағы калий, магний және фосфор сияқты маңызды минералдардың массалық үлесі де жеміс қоспаларының есебінен көбейіп, функционалдық қасиеттері жақсарды.

Әдебиеттер

Байхожаева Б.У., & Нуртаева А.Б. (2016) Комбинированный кисломолочный продукт. Известия КГТУ им. И.Раззакова, — №(1). — С.224-229. https://elibrary.ru/download/elibrary_26699044_37488839.pdf.

Дерканосова А.А., Курчаева Е.Е., Востроилов А.В., Баженова Е.В., Попова Я.А., & Матвиенко Н.А. (2021) Научные подходы к использованию молока коров красно-пестрой породы в производстве мягких сыров комбинированного состава. естник Воронежского государственного университета инженерных технологий. – №83(1 (87)) — С. 146-154. doi:10.20914/2310-1202-2021-1-146-154

de la Fuente M. A., & Juárez M. (2015) Milk and dairy products. Handbook of mineral elements in food. — P. 645-668. <https://doi.org/10.1002/9781118654316.ch28>

Górska-Warszewicz H., Rejman K., Laskowski W., & Czacotko M. (2019). Milk and dairy products and

their nutritional contribution to the average polish diet. *Nutrients*. №11(8). 1771p. <https://doi.org/10.3390/nu11081771>

Hikal W.M., Mahmoud A.A., Said-Al Ahl H.A., Bratovic A., Tkachenko K.G., Kačániová M., & Rodriguez R.M. (2021) Pineapple (*Ananas comosus* L. Merr.), waste streams, characterisation and valorisation: An overview. *Open Journal of Ecology*. №11(9). — P.610-634. DOI: 10.4236/oje.2021.119039.

Huang C.W., Lin I.J., Liu Y.M., & Mau J.L. (2021). Composition, enzyme and antioxidant activities of pineapple. *International Journal of Food Properties*. №24(1). — P.1244-1251. <https://doi.org/10.1080/10942912.2021.1958840>

Jahurul M.H. A., Zaidul I.S.M., Ghafoor K., Al-Juhaimi F.Y., Nyam K.L., Norulaini N.A.N., ... & Omar A.M. (2015) Mango (*Mangifera indica* L.) by-products and their valuable components: A review. *Food chemistry*. — №183. — P. 173-180. <https://doi.org/10.1016/j.foodchem.2015.03.046>

Kamber U., & Harmankaya S. (2019). The effect of fruits to the characteristics of fruit yogurt. *Pakistan Journal of Agricultural Sciences*. — 56(2). DOI: 10.21162/PAKJAS/19.5706

Kottunnage B.S.R.K. (2025) The Effect of plant-derived additives on bioactive properties of fermented dairy products. A review. *International Congresses of Turkish Science and Technology Publishing*. — P.1088-1103. <https://turjaf.com/index.php/TURSTEP/article/view/645>

Munteanu-Ichim R.A., Canja C.M., Lupu M., Bădărău C.L., & Matei F. (2024) Tradition and innovation in yoghurt from a functional perspective-a review. *Fermentation*. — № 10(7). — P. 357 <https://doi.org/10.3390/fermentation10070357>

Nadirova S., & Sinyavskiy Y. (2022) Biotechnological approaches to the creation of new fermented dairy products. *Eurasian Journal of Applied Biotechnology*. — № (4). — P.128-136. <https://doi.org/10.11134/btp.4.2022.16>.

Pereira P.H.F., Ornaghi Jr, H L., Arantes V., & Cioffi M.O.H. (2021) Effect of chemical treatment of pineapple crown fiber in the production, chemical composition, crystalline structure, thermal stability and thermal degradation kinetic properties of cellulosic materials. *Carbohydrate Research*. №499. P.108227. <https://doi.org/10.1016/j.carres.2020.108227>

Санькова М.В., Кытько О.В., Дыдыкина И.С., Дракина О.В., Васильев Ю.Л. (2022). Кисломолочные и пробиотические продукты – важная составляющая рациона питания населения в период пандемии SARS-CoV-2. *Вопросы питания*. – №91(1) — С.86-97. DOI: <https://doi.org/10.33029/0042-8833-2022-91-1-86-97>.

Sarker U., Islam M.T., & Oba S. (2018). Salinity stress accelerates nutrients, dietary fiber, minerals, phytochemicals and antioxidant activity in *Amaranthus tricolor* leaves. *PLoS One*. №13(11) – e0206388. doi: 10.1371/journal.pone.0206388.

Sukhikh S., Astakhova L., Golubcova Y., Lukin A., Prosekova E., Milenteva I., ... & Rasshchepkin A. (2019). Functional dairy products enriched with plant ingredients. *Foods and Raw materials*. — № 7(2). — P. 428-438. DOI: <http://doi.org/10.21603/2308-4057-2019-2-428-438>.

Sujith S., Sahoo S., Dheeraj C., Hemanth M.S., Saha S., Sarkar A., & Niharika N. (2023) Millet a Nutri-Cereal: Nutritional Value, Health Benefits and Value Addition in Dairy Products. In *Biological Forum—an International Journal*. № 15(15). — P.1008-1017p. ISSN No. (Online): 2249-3239.

Terpou A., Gialleli A.I., Bekatorou A., Dimitrellou D., Ganatsios V., Barouni E., ... & Kanellaki M. (2017). Sour milk production by wheat bran supported probiotic biocatalyst as starter culture. *Food and Bioproducts Processing*. — № 101. — P. 184-192. <https://doi.org/10.1016/j.fbp.2016.11.007>.

Timm M., Offringa L.C., Van Klinken B.J.W., & Slavin J. (2023) Beyond insoluble dietary fiber: bioactive compounds in plant foods. *Nutrient*. – №15(19). — 4138p. <https://doi.org/10.3390/nu15194138>.

Удербай Е.Д., Сейдахметова З.Ж., Асембаева Э.К., Набиева Ж.С., & Байбекова А.У. (2024) Влияние растительного ингредиента на качество кисломолочных продуктов. *Вестник Университета Шакарима. Серия технические науки*. — №1(2 (14)) —С. 304-312. [https://doi.org/10.53360/2788-7995-2024-2\(14\)-37](https://doi.org/10.53360/2788-7995-2024-2(14)-37)

Yeoh W.K., & Ali A. (2017) Ultrasound treatment on phenolic metabolism and antioxidant capacity of fresh-cut pineapple during cold storage. *Food Chemistry*. №216. P. 247-253. <https://doi.org/10.1016/j.foodchem.2016.07.074>.

Zakharova L.M. (2014) Development and introduction of new dairy technologies. *Foods and Raw materials*. — №2(2). — P. 68-74. DOI 10.12737/5462

References

- Baykhozhaeva, B.U., & Nurtaeva, A.B. (2016). Kombinirovannyj kislomolochnyj produkt [Combined fermented milk product]. Bulletin of the Kyrgyz State Technical University named after I. Razzakov, — №(1). — P. 224-229. https://elibrary.ru/download/elibrary_26699044_37488839.pdf (in Rus).
- Derkanosova A.A., Kurchaeva E.E., Vostroilov A.V., Bazhenova E.V., Popova Ya.A., Matvienko N.A. (2021) Nauchnye podhody k ispol'zovaniyu moloka korov krasno-pestroj porodny v proizvodstve myagkikh syrov kombinirovannogo sostava [Scientific approaches to the application of red-and-white cows milk in the production of combined composition soft cheeses]. Vestnik VGUIT № 83(1 (87)). P.146-154. doi:10.20914/2310-1202-2021-1-146-154 (in Rus).
- de la Fuente M. A., & Juárez M. (2015). Milk and dairy products. Handbook of mineral elements in food. — P. 645-668. <https://doi.org/10.1002/9781118654316.ch28> (in Eng).
- Górska-Warsewicz H., Rejman K., Laskowski W., & Cieczotko M. (2019). Milk and dairy products and their nutritional contribution to the average polish diet. Nutrients. №11(8). 1771p. <https://doi.org/10.3390/nu11081771> (in Eng).
- Hikal W.M., Mahmoud A.A., Said-Al Ahl H.A., Bratovic A., Tkachenko K.G., Kačániová M., & Rodriguez R.M. (2021) Pineapple (*Ananas comosus* L. Merr.), waste streams, characterisation and valorisation: An overview. Open Journal of Ecology. №11(9). — P.610-634. DOI: 10.4236/oje.2021.119039. (in Eng).
- Huang C.W., Lin I.J., Liu Y.M., & Mau J.L. (2021). Composition, enzyme and antioxidant activities of pineapple. International Journal of Food Properties. №24(1). — P.1244-1251. <https://doi.org/10.1080/10942912.2021.1958840>. (in Eng).
- Jahurul M.H. A., Zaidul I.S.M., Ghaffoor K., Al-Juhaimi F.Y., Nyam K.L., Norulaini N.A.N., ... & Omar A.M. (2015) Mango (*Mangifera indica* L.) by-products and their valuable components: A review. Food chemistry. — №183. — P.173-180. <https://doi.org/10.1016/j.foodchem.2015.03.046>. (in Eng).
- Kamber U., & Harmankaya S. (2019). The effect of fruits to the characteristics of fruit yogurt. Pakistan Journal of Agricultural Sciences. — 56(2). DOI: 10.21162/PAKJAS/19.5706. (in Eng).
- Kottunage B.S.R.K. (2025) The Effect of plant-derived additives on bioactive properties of fermented dairy products. A review. International Congresses of Turkish Science and Technology Publishing. — P.1088-1103. <https://turjaf.com/index.php/TURSTEP/article/view/645>. (in Eng).
- Munteanu-Ichim R.A., Canja C.M., Lupu M., Bădărău C.L., & Matei F. (2024) Tradition and innovation in yoghurt from a functional perspective—a review. Fermentation. — № 10(7). — P. 357 <https://doi.org/10.3390/fermentation10070357>. (in Eng).
- Nadirova S., & Sinyavskiy Y. (2022) Biotechnological approaches to the creation of new fermented dairy products. Eurasian Journal of Applied Biotechnology. — № (4). — P.128-136. <https://doi.org/10.11134/btp.4.2022.16>. (in Eng).
- Pereira P.H.F., Ornaghi Jr, H L., Arantes V., & Cioffi M.O.H. (2021) Effect of chemical treatment of pineapple crown fiber in the production, chemical composition, crystalline structure, thermal stability and thermal degradation kinetic properties of cellulosic materials. Carbohydrate Research. №499. P.108227. <https://doi.org/10.1016/j.carres.2020.108227>. (in Eng).
- Sankova M.V., Kytko O.V., Dydikina I.S., Drakina O.V., Vasili'ev Yu.L. (2022). Kislomolochnye i probioticheskie produkty – vazhnaya sostavlyayushchaya racionalnaya pitaniya naseleniya v period pandemii SARS-CoV-2. Voprosy pitaniya [Fermented milk and probiotic foods are an important part of population diet during SARS-CoV-2 pandemic]. Voprosy pitaniia. — № 91(1). — P. 86-97. DOI: <https://doi.org/10.33029/0042-8833-2022-91-1-86-97>. (in Rus).
- Sarker U., Islam M.T., & Oba S. (2018). Salinity stress accelerates nutrients, dietary fiber, minerals, phytochemicals and antioxidant activity in *Amaranthus tricolor* leaves. PLoS One. №13(11) – e0206388. doi: 10.1371/journal.pone.0206388. (in Eng).
- Sukhikh S., Astakhova L., Golubcova Y., Lukin A., Prosekova E., Milenteva I., ... & Rasshchepkin A. (2019). Functional dairy products enriched with plant ingredients. Foods and Raw materials. — № 7(2). — P. 428-438. DOI: <http://doi.org/10.21603/2308-4057-2019-2-428-438>. (in Eng).
- Sujith S., Sahoo S., Dheeraj C., Hemanth M.S., Saha S., Sarkar A., & Niharika N. (2023) Millet a Nutri-Cereal: Nutritional Value, Health Benefits and Value Addition in Dairy Products. In Biological Forum—an International Journal. № 15(15). — P.1008-1017p. ISSN No. (Online): 2249-3239. (in Eng).

Terpou A., Gialleli A.I., Bekatorou A., Dimitrellou D., Ganatsios V., Barouni E., ... & Kanellaki M. (2017). Sour milk production by wheat bran supported probiotic biocatalyst as starter culture. *Food and Bioproducts Processing*. — № 101. — P. 184-192. <https://doi.org/10.1016/j.fbp.2016.11.007>. (in Eng).

Timm M., Offringa L.C., Van Klinken B.J.W., & Slavin J. (2023) Beyond insoluble dietary fiber: bioactive compounds in plant foods. *Nutrient*. — №15(19). — 4138p. <https://doi.org/10.3390/nu15194138>. (in Eng).

Uderbai Ye.D., Seidakhmetova Z.Zh., Assembayeva E.K., Nabiyeva Zh.S., Baibekova A.U. (2024). Vliyanie rastitel'nogo ingredienta na kachestvo kisломolochnyh produktov [Influence of plant ingredients on the quality of fermented milk products. *Bulletin of Shakarim University. Technical Sciences*]. — №1(2(14)). — P. 304-312. [https://doi.org/10.53360/2788-7995-2024-2\(14\)-37](https://doi.org/10.53360/2788-7995-2024-2(14)-37). (In Kazakh).

Yeoh W.K., & Ali A. (2017) Ultrasound treatment on phenolic metabolism and antioxidant capacity of fresh-cut pineapple during cold storage. *Food Chemistry*. №216. P. 247-253. <https://doi.org/10.1016/j.foodchem.2016.07.074>. (in Eng).

Zakharova L.M. (2014) Development and introduction of new dairy technologies. *Foods and Raw materials*. — №2(2). — P. 68-74. DOI 10.12737/5462 (in Eng).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 29.09.2025.

Формат 60x88¹/₈. 18,0 п.л.

Заказ 3.

«Central Asian Academic Research Center» LLP

Алматы, Қонаев к-сі, 142